

## Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 317 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 07.03.2013 N 523 (26.03.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 07.03.2013 N 523 (26.03.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Осы Жарлық 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1999 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 317 Жарлығымен  
бекітілген

## Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Ескерту. Тізілім алынып тасталды - ҚР Президентінің 07.03.2013 N 523 (26.03.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1999 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 317 Жарлығымен  
бекітілген

# Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жазалар қолдану туралы Ереже

Ескерту. Ереженің атауына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2007.12.28 N 501 (2008.01.01 бастап күшіне енеді) Жарлығымен.

## 1. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер

1. Мемлекеттік саяси қызметшілердің (бұдан әрі - қызметшілер) тәртіптік жауапкершілігі - олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін қызметшілерге қолданылатын заңдық жауапкершіліктің түрі.

2. Тәртіптік теріс қылық (бұдан әрі - теріс қылық) - құқыққа қайшы, қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттерді орындамау кінәсі не тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидаларын) бұзуы (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі), тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, сол сияқты «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің міндеттерін сақтамауы болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Тәртіптік жаза (бұдан әрі - жаза) - мемлекеттік қызметшіге теріс қылық жасағаны үшін жоғары тұрған лауазымды адам немесе мемлекеттік орган қолдануы мүмкін тәртіптік жауапкершілік шарасы.

## 2. Тәртіптік жазалардың түрлері

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауды қоспағанда, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес қызметшілерге тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жазаның мынадай түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1 ) ескерту ;
- 2 ) сөгіс ;
- 3 ) қатаң сөгіс ;

- 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) лауазымын төмендету;
- 6) атқаратын лауазымынан босату.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшіге мынадай тәртіптік жазаның түрлері қолданылады:

- 1) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 2) лауазымын төмендету;
- 3) атқаратын лауазымынан босату.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылады.

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде қолданылады.

Атқаратын лауазымынан босату түріндегі тәртіптік жаза Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша қолданылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

5. Жасалғаны үшін заңда көзделген өзгедей жауаптылыққа әкеп соғатын әрекет үшін жаза қолданылмайды.

6. Жазалар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) мемлекеттік саяси қызметшілердің жеке ісіне енгізу арқылы есепке алуға тиіс.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **3. Жаза қолданудың шарты**

7. Жаза кінәлі адамның кінәсінің нысаны мен дәрежесіне, жасалған теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келуге тиіс.

8. Тәртіптік жазаның түрін анықтау кезінде:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған кездегі жағдай;
- 3) жасалған теріс қылық әкеп соққан немесе соғуы мүмкін келенсіз зардаптар;

4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;  
5) мемлекеттік қызмет өтілі (стажы);  
6) қызметшінің жеке басын сипаттайтын басқа да жағдайлар есепке алынады.

9. Жаза теріс қылықты бірнеше қызметшілер бірлесіп жасаған жағдайда әрбір қызметшіге жеке қолданылады.

10. Жасалған теріс қылық үшін тек бір ғана жаза қолданылады.

#### **4. Жаза қолданатын субъектілер мен тәртібі**

11. Қызметшілерге жазаны заңдарда көзделген өкілеттіктеріне сәйкес жаза қолдануға құқығы бар жоғары тұрған лауазымды адамдар немесе мемлекеттік органдар қолданады.

1 2 . Ж а з а н ы :

1) Мемлекет басшысы тағайындаған қызметшілерге ол өз бастамашылығымен немесе осы қызметшілердің тікелей басшыларының, Мемлекет басшысы уәкілеттік берген өзге мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың ұсынысы бойынша қолданады;

2) Әкімшілік басшысы тағайындаған Президент Әкімшілігінің қызметшілеріне - Әкімшілік басшысы өз бастамашылығымен немесе Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсыныстары бойынша қ о л д а н а д ы ;

3) Премьер-Министр Кеңесі мен орталық атқарушы органдардың қызметшілеріне - Үкімет немесе Премьер-Министр өз бастамашылығымен не тиісінше Кеңсе басшысының, Үкіметтің өзге мүшелерінің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар басшыларының ұсыныстары бойынша қ о л д а н а д ы ;

4) Парламент Палаталары аппараттарының қызметшілеріне - осы Палаталардың Бюролары Палаталар Төрағаларының ұсыныстары бойынша қ о л д а н а д ы ;

5) жергілікті атқарушы органдардың қызметшілеріне - осы атқарушы органдардың жоғары тұрған басшылары қолданады;

5-1) алып тасталды - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен ( алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

б) өзге мемлекеттік саяси қызметшілерге - өз бастамашылығымен немесе осы қызметшілердің тікелей басшыларының ұсыныстары бойынша мемлекеттік органдардың басшылары қолданады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2011.05.02 N 67 (қолданысқа енгізілу тәртібін 8-т. қараңыз); 16.08.2013 № 616 (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

13. Тәртіптік жаза қолдануға дейін қызметтік тексеру жүргізілуі мүмкін. Кінәліден теріс қылық жасағаны туралы жазбаша түсініктеме талап етіліп алынуға тиіс.

14. Кінәлінің түсініктеме беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

15. Жаза қолданылған адамды тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қолданылған жаза туралы қолын қойдырып х а б а р д а р е т е д і .

Тәртіптік жаза қолдану туралы актімен жаза қолданылған адамды таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарламалы хатпен жолдайды.

Жаза қолданылған адам тәртіптік жаза қолдану туралы актімен танысудан бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тиісті акт жасайды .

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Жаза қызметшіге тиісті мемлекеттік органның, оның алқасының отырысында немесе тізбесін осы жазаны қолданған лауазымды адам айқындаған қызметшілердің қатысуымен жариялануы мүмкін.

16-1. Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзуға байланысты теріс қылықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер және олардың орынбасарлары жол берген Ар-намыс кодексінің бұзылуын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия) қарайды, ол қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымды, сондай-ақ лауазымды адамдарды лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныс енгізуге қ ұ қ ы л ы .

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзуға байланысты теріс қылықтарды, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері жол берген қызметтік этиканың және Ар-намыс кодексінің бұзылуын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы,

облыстардағы тәртіптік кеңестері қарайды, олар қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдарды лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Қызметтік тексеру тәртіптік жаза қолдануға уәкілетті адамның тапсырмасы б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.06.21 N 895 Жарлығымен; жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

17. Жазаны қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

## 5. Жаза қолдану мерзімдері

18. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға б о л м а й д ы .

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда , бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

18-1. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс тоқтатылған, бірақ қызметшінің іс-әрекетінде тәртіптік теріс қылық болған жағдайда жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғаны не қылмыстық іс тоқтатылғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.06.21 N 895 Жарлығымен.

## 6. Жаза қолдану туралы актілер

19. Жаза мынадай актілер шығару жолымен қолданылады:

- 1) Республика Президентінің Жарлығы немесе өкімі;
- 2) Республика Үкіметінің қаулысы;
- 3) Республика Премьер-Министрінің өкімі;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге уәкілетті лауазымды адамдардың бұйрықтары немесе заңдарда көзделген өзге актілер.

20. Жаза қолдану туралы актіде, жасалғаны үшін жаза қолданылып отырған теріс қылық, жазаның түрі және ол қолданылатын адам көрсетіледі.

20-1. Жаза қолдану туралы мәліметтер мен актілерді мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қызметшінің қызметтік тізіміне енгізу арқылы есепке алуы тиіс.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған қызметшілерге мемлекеттік орган басшысы қолданған жазалар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) міндетті түрде табыс етуі тиіс.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.06.21 N 895 Жарлығымен; жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

## 7. Жазаны алып тастау

21. Егер жаза қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде қызметшіге жаңа жаза қолданылмаса, онда оған тәртіптік жаза қолданылмаған болып есептеледі.

22. Қызметшіге бірнеше жаза қолданылған жағдайда мерзімі бойынша соңғы жаза қолданылған күннен бастап ол бір жыл өткенге дейін жазалы болып есептеледі.

23. Егер қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және сонымен қатар өзін адал қызметкер ретінде көрсетсе, жаза бір жыл өткенге дейін алынуы мүмкін.

24. Мемлекеттік саяси қызметшінің лауазымды міндеттері тоқтатылған күнге дейін алынбаған жаза осы міндеттер тоқтатылған күннен бастап алынған болып есептеледі.

25. Жазаны мерзімінен бұрын алып тастауды:

1) оны қолданған лауазымды адам (мемлекеттік орган) немесе жоғары тұрған лауазымды адам (мемлекеттік орган) жүргізеді;

2) ол тиісті актімен жүргізіледі, бұл туралы қызметшіге тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жариялайды.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

26. Жазаны мерзімінен бұрын алып тастау үшін жаза қолданылған қызметшінің тікелей басшысы инстанция бойынша тиісті өтініш жолдайды.

26-1. Тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін жазаны мерзімінен бұрын алып тастау, егер ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымымен қолданылған болса, тек оның келісімімен ғана жүргізіледі.

**Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.06.21 N 895 Жарлығымен.**

## **8. Мемлекеттік саяси қызметшілер тәртіптік жауапкершілікке тартылған кездегі олардың құқық кепілдіктері**

27. Мемлекеттік саяси қызметші өзін тәртіптік жауапкершілікке тартуға байланысты құжаттармен танысуға, заңдарда белгіленген тәртіппен өзіне қолданылған жаза туралы жоғары мемлекеттік органға, жоғары тұрған лауазымды адамға не сотқа шағым жасауға хақылы.

28. Осы кепілдіктер Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы оның шешімдеріне қолданылмайды.